

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 22 мамырдағы 106-ө Өкімі

1. Осы өкімнің қосымшасына сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы туралы ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 2

м а м ы р д а ғ ы

№

1 0 6 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Егімбаева Жанна Дачеровна	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары , жетекші
Федоров Олег Анатольевич	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Заңнама, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің меңгерушісі
Баймұқашев Мұрат Қалибекұлы	-	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Заңнама, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Жәкенов Асқар Серікжанұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Заңнама, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары
Жиенбаев Ержан Нұрланұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Заңнама, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары
Қаракұлова Сәулем Шапайқызы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Заңнама, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің сектор меңгерушісі
Зуев Геннадий Иванович	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Заңнама, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің бас инспекторы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің
2012 жылы 22 мамырдағы
№ 106 - өкiмiмен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) өкілеттіктерін айқындайды.

2. Жұмыс тобы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамалық актілерін және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін басшылыққа алады.

2. Жұмыс тобының міндеттері

3. Жұмыс тобының міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы төрағасының (бұдан әрі – ЖАК төрағасы) қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз ету;

2) ЖАК жұмыс органы ЖАК төрағасының қарауына ұсынатын материалдарды а л д ы н а л а қ а р а у ;

3) ЖАК жұмыс органы дайындаған ЖАК отырысының хаттамаларын қарау, пысықтау және ЖАК төрағасына қол қоюға ұсыну;

4) ЖАК жұмыс органымен өзара іс-қимыл жасасу;

5) ЖАК отырысына материалдарды дайындау кезінде ЖАК жұмыс органына көмек көрсету болып табылады.

3. Жұмыс тобының жұмысын ұйымдастыру

4. ЖАК төрағасының тапсырмасы бойынша жұмыс тобы:

1) жұмыс органымен және ЖАК мүшелерімен өзара іс-қимыл жасасады және қажет болған жағдайда материалдарды дайындау және ЖАК отырысын өткізу кезінде ЖАК жұмыс органына көмек көрсету үшін өз мүшелерін ұсынады;

2) ЖАК жұмыс органынан қосымша материалдарды және ЖАК төрағасына қарауға, қол қоюға ұсынылатын материалдар бойынша түсіндірмелерді сұратады және алады;

3) қажет болған жағдайда ЖАК жұмыс органымен бірге ЖАК-тың хаттамалық ш е ш і м д е р і н п ы с ы қ т а й д ы ;

4) ЖАК жұмыс органынан ЖАК жұмысының және іс-шаралар жоспарының, ЖАК шешімінің орындалуының жай-күйі туралы мәліметтерді сұратады;

5) ЖАК төрағасының қызметін қамтамасыз ету бойынша өзге де тапсырмаларды о р ы н д а й д ы .

5. Жұмыс тобын оның қызметін ұйымдастыратын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары (құқықтық мәселелерге жетекшілік ететін) басқарады.